



МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

mmgpress mangistaumunaigas_jsc mmginfo

№07 (189), ТАМЫЗ, 2025



Құрметті күрделі құрылыс департаментінің ұжымы!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз – Құрылысшылар күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Бүгінгі таңда құрылыс саласы – еліміздің өркендеуінің, инфрақұрылымдық дамуының және халықтың тұрмыс сапасын арттырудың басты тетіктерінің бірі. Осы маңызды салада еңбек етіп жүрген сіздердің қажырлы еңбектеріңіз, тиянақтылықтарыңыз бен кәсіби шеберліктеріңіз әрдайым жоғары бағаланады.

Биыл сіздер «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ өндірістік нысандарында ауқымды жұмыстар атқарып, мұнайшылар үшін заманауи әрі қолайлы еңбек жағдайын жасауға зор үлес қостыңыздар. Атап айтқанда, Қаламқас және Жетібай кен орындарында жаңа нысандар бой көтеріп, бірқатар әлеуметтік және өндірістік ғимараттар жаңғыртылды. Бұл – сіздердің тынымсыз еңбектеріңіздің, ұйымшылдық пен кәсібиліктің айқын көрінісі.

Сіздердің араларыңызда бұл жолды сан жыл бойы адал жүреппен, бекем білектен таймай жүріп өткен тұлғалар бар. Олар – осы саланың көшін бастаған, үлгісін көрсеткен, ізін өшірмей келе жатқан ардагерлеріміз. Сол ардагерлердің ішінде – Әбутов Мәулен Мұстафаұлы, Жоланбаев Қажымұқан Орныбайұлы, Қоразов Қәдірбек Сейілханұлы бар. Өнегелі өмір жолдары, кәсіби біліктіліктері, жас буынға үйреткен тәлімі – бәрімізге қымбат қазына. Төл мерекелеріңізде Сіздерге мықты денсаулық, шаңырақтарыңызға шаттық, әрбір еңбектеріңізге береке тілейміз! Қай істі қолға алсаңыздар да, ел игілігі мен болашағы үшін қызмет ете беріңіздер.

Мерекелеріңіз құтты болсын!

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Басқармасы



С ДНЕМ СТРОИТЕЛЯ!

Каждое второе воскресенье августа вся страна отмечает День строителя – праздник тех, кто возводит города, создает наши дома, дарит нам комфорт и уверенность в завтрашнем дне. Без строителей невозможно представить современный мир: их труд – это фундамент, на котором строится вся наша цивилизация.

Строитель – это не просто профессия, это призвание. Это люди, которые своим упорным трудом и высоким мастерством превращают мечты в реальность. Они не боятся трудностей, работая под палящим солнцем или в мороз, поднимая тяжести и преодолевая сложные задачи. Их труд виден каждому из нас, ведь каждый из нас живет в доме, работает в офисе, отдыхает в парке, построенных благодаря таланту и стараниям строителей.

Департамент капитального строительства АО «Мангистаумунайгаз»

Департамент капитального строительства (ДКС) является одним из ключевых структурных подразделений АО «Мангистаумунайгаз», обеспечивающим реализацию стратегии устойчивого развития компании в области инфраструктурного и производственного развития.

Основной задачей департамента является организация и координация работ по капитальному строительству, реконструкции и модернизации объектов производственного и социального назначения. В сферу ответственности ДКС входят планирование, проектирование, строительство и ввод в эксплуатацию новых объектов, а также капитальный ремонт существующей инфраструктуры на месторождениях Каламкас, Жетыбай и других производственных площадках компании.

Основные направления деятельности:

- Реализация проектов капитального строительства в соответствии с утвержденной инвестиционной программой;
- Контроль за соблюдением графиков строительства, бюджетов и технических стандартов;
- Обеспечение качества выполняемых работ и соответствие требованиям промышленной безопасности и экологии;
- Взаимодействие с проектными организациями, подрядными компаниями и государственными органами;
- Ведение технического надзора на всех этапах строительства;
- Развитие и модернизация социальной инфраструктуры для повышения качества жизни работников и жителей региона.

На сегодняшний день департамент реализует ряд значимых проектов, направленных на развитие производственных мощностей, улучшение условий труда, а также повышение уровня социальной инфраструктуры в Мангистауской области. Особое внимание уделяется устойчивости, энергоэффективности и внедрению современных строительных технологий.

Деятельность департамента капитального строительства тесно связана с общей миссией АО «Мангистаумунайгаз» — обеспечивать стабильную добычу углеводородов с соблюдением высоких стандартов безопасности, экологии и корпоративной ответственности.

Капитальное строительство и ремонта, а также развитие социальной инфраструктуры на месторождениях Каламкас и Жетыбай:

Стоит отметить, что на сегодняшний день на месторождениях **Каламкас** и **Жетыбай** ведутся планомерные работы по капитальному строительству и ремонту объектов, а также мероприятия по улучшению социальных объектов с целью повышения уровня социальной инфраструктуры.

В рамках программы на **2024–2025 годы по капитальному строительству** запланировано 49 объектов, в том числе:

Сданы в эксплуатацию:

- Расширение МКС-27 на УСГ-1 ПК-2 МКС №9 ПУ «Жетыбаймунайгаз»;
- Охранное освещение ЦППН ПУ «Жетыбаймунайгаз»;
- Обустройство уплотняющих скважин (XVI очередь, 50 скважин) ПУ «Жетыбаймунайгаз»;
- Строительство распределительного пункта (РП-6кВ №2–9) в районе между ГУ-22 и ГУ-27 ПУ «Каламкасмунгаз»;
- Охранное освещение ЦППН и ВНС ПУ «Каламкасмунгаз»;
- Газоуравнительная система для технологических (водяных) резервуаров ЦКППН и УПСВ ПУ «Каламкасмунгаз».

Готовые к сдаче объекты, завершённые строительством:

- Реконструкция цеха подготовки и перекачки нефти ЦППН на м/р Жетыбай;
- Площадка для сбора и временного хранения отходов на м/р Жетыбай;
- Строительство модульно-компрессорной станции (МКС) на м/р Восточный Жетыбай – ведется ПНР;
- Строительство ПС-35/6кВ «Асар-1» с ВЛ-35кВ и переустройство ВЛ-6кВ в районе БКНС-Асар на м/р «Асар» ПУ «Жетыбаймунайгаз»;
- Обустройство уплотняющих скважин на м/р Жетыбай XVII ÷ XXIV очереди.

По остальным объектам капитального строительства работы продолжаются.

По плану **капитального ремонта на 2024–2025 годы** запланировано **144 объектов**, из которых по 50 объектам на сегодняшний день работы завершены.

По остальным объектам капитального ремонта работы продолжаются.

Введенные социальные объекты в 2025 году:

- Строительство контрольно-пропускного пункта (КПП) со шлагбаумом;
- Ремонт столовой №9 на м/р Жетыбай;
- Производственно-бытовой комплекс на ГУ-10 ЦДНГ-2 м/р Каламкас;
- Здание для слесарей на базе ЦПТЖ и ЦДПитГ на м/р Каламкас;
- Производственно-бытовой комплекс на базовых групповых установках ГУ-48, ГУ-45, ГУ-36 м/р Каламкас;
- Душевые установки для цехов ПВХРО и ЦТВиск м/р Каламкас.

План ПИР (проектно-изыскательские работы) на 2025г., запланировано 49 объектов, в том числе:

ПИР выполняемый силами ПСО ДКС на 2025г.

Запланировано 12 объектов, из которых по 5 объектам проектные работы завершены и находятся на стадии государственной экспертизы. По 7 объектам проектная документация разрабатывается.

ПИР выполняемые подрядными организациями на 2025 год.

Запланировано 28 объектов, из которых на сегодняшний день по 8 объектам проектные работы завершены. По оставшимся 20 объектам ведётся разработка проектной документации.

План подрядных организаций ИГИ (инженерно-геологические и инженерно-геодезические изыскания) на 2025г.

Запланировано 9 объектов, которое на сегодняшний день согласно заключенным договорам между подрядными организациями ведутся работы по проведению инженерно-геологических инженерно-геодезических изысканий для строительства объектов.

С Днем Строителя, дорогие коллеги!

Уважаемые строители! От всей души поздравляем вас с профессиональным праздником – Днем Строителя!

Этот день – заслуженная дань уважения вашему благородному труду, который преображает облик нашего региона, вносит неоценимый вклад в развитие АО «Мангистаумунайгаз» и всей нефтегазовой отрасли.

Ваша работа – это не просто возведение зданий и сооружений. Это создание будущего! Вы возводите надежные объекты, обеспечивающие стабильную работу предприятия, безопасность и комфорт для тысяч людей. Вы – творцы, воплощающие смелые замыслы в реальность, умело сочетающие современные технологии с многолетним опытом.

Департамент капитального строительства АО «Мангистаумунайгаз» – это слаженный коллектив профессионалов, преданных своему делу. Ваша ответственность, самоотдача и стремление к высоким результатам заслуживают глубокого уважения. Благодаря вашему труду реализуются ключевые проекты, модернизируются производственные мощности, повышается эффективность работы предприятия.

В этот праздничный день мы от всей души желаем вам крепкого здоровья, благополучия, неиссякаемой энергии и новых профессиональных достижений! Пусть каждый новый проект будет успешным, каждый объект – надежным и долговечным!

Пусть в ваших домах царят мир и достаток, а ваши семьи всегда будут опорой и поддержкой!

С Днем Строителя! С праздником!

С уважением и признательностью,

Руководство Департамента капитального строительства АО «Мангистаумунайгаз»



ЖАҢАРТЫЛҒАН АСХАНА ЖҰМЫСЫН БАСТАДЫ

«Жол картасы» бағдарламасы аясында Жетібай кен орнындағы №9 жұмысшылар асханасында күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Әлеуметтік маңызы бар нысанның ішкі инженерлік жүйелері толықтай жаңартылып, заманауи асуі техникасы мен санитарлық талаптарға сай жабдықтар орнатылды. Жарықтандыру, желдету, су құбыры және кәріз желілері жаңартылып, асхана қызметкерлері мен тұтынушыларға қолайлы жағдай жасалды.

Күнделікті ыстық әрі сапалы тағаммен қамтамасыз ету – еңбек адамына көрсетілер тікелей қолдау. №9 асхананың жаңғыртылуы – осы бағыттағы жоспарлы жұмыстардың нақты нәтижесі.

Компания алдағы уақытта да өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымды кезең-кезеңімен жетілдіруді жалғастырады.



БАТАМЕН БЕКІГЕН БЕРЕКЕЛІ БАСТАМА

Кенді өлкенің кісілік келбеті тек өндіріс көлемімен емес, елге жасалған қамқорлықпен де өлшенеді. Жуырда Жетібай кентінде жүзеге асқан бірқатар әлеуметтік қолдау шаралары – соның жарқын көрінісі.



Компания тарапынан ауыл тұрғындары үшін маңызды нысандарды жөндеу мен абаттандыру жұмыстары қолдау тауып, ардагерлер үйінің алдына күн мен желден қорғайтын шатыр орнатылды. Алаңға бетон төселіп, жайлы орындықтар қойылды. Жастар үйінің маңы қоршалып, демалуға арналған сәкі салынды.

Ауылдың экологиялық жағдайын жақсарту мақсатында 700 түп жасыл ағаш отырғызылып, суару жүйесімен толық қамтамасыз етілді. Екі су ыдысы орнатылып, жасыл желекке күтім жасау мүмкіндігі артты.

Асар ауылындағы мал суаратын астау жаңартылып, арнайы қорған салынды. Ал Мұнайшы және Станция Жетібай елдімекендерінде қоқыс алаңдары қоршалып, санитарлық талаптар күшейтілді.

Киелі орындар да назардан тыс қалмады. Мешітбай қорымына жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатса, “Есен ата” мешітінің ішкі жөндеу жұмыстары аяқталып, есік-терезелері жаңартылды,

қабырғалар сырланып, газ жүйесі тартылды. Жөндеу жұмыстарының аяқталғанына орай жақында мешіт ішінде садақа беріліп, елдің амандығы мен еңбектің берекесі үшін құран бағышталды.

Осы жұмыстардың барлығы – көзге ұсақ-түйек болып көрінгенімен, тұрғындар үшін өмір сапасын жақсартуға бағытталған үлкен қамқорлықтың нәтижесі. Ел ақсақалдары бұл істі жоғары бағалап, ақ баталарын берді. Бұл – еңбек ұжымының елмен етене екенін, әр бастаманың ел жүрегіне жол тапқанын көрсетеді.



МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

КӘСІПШІЛІКТІ ЦИФРЛАНДЫРУ БАСТАМАСЫ СЫНАҚТАН ӨТУДЕ

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның қызметкерлердің көшбасшылық қасиеттері мен цифрлық ойлауын дамытуға бағытталған «Алып» корпоративтік бағдарламасы өзінің алғашқы жемісін бере бастады. Бағдарламаға қатысушы, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ «Жетібаймұнайгаз» ӨБ №2-МГӨЦ мұнай және газ өндіру операторы Еркебұлан Нұрманов кен орнындағы өндіріс процесін айтарлықтай оңтайландыруға мүмкіндік беретін жобаны әзірлеу жөнінде ұсыныс жасады.



– Мен 2024 жылдың аяғында «Алып» корпоративтік бағдарламасының қатысушысы болдым. Тренинг маған жаңа білім ғана емес, сонымен қатар өз жобамды – біздің өндіріс аймағындағы күнделікті процестерді автоматтандыруға қабілетті шешімді жасауға серпін берді, – дейді Еркебұлан Нұрманов.

– Күнделікті жұмысты талдау №2 мұнай-газ өндіру цехының операторлары мен ауысымдық инженерлері жұмыс уақытының 25%-ға дейін топтық қондырғылар (ТҚ) мен ұңғымалардан параметрлерді қолмен жинауға және тапсыруға жұмсайтынын көрсетті. Бұл тапсырыстарды өңдеуді баяулатып, қателерге әкелді және жалпы тиімділікті төмендетті. ТҚ және ұңғымалардың параметрлерінің қысқаша мазмұнын жасау тиімділігін арттыру жобасының идеясы осылай туды, оның негізгі құралы «Мобильді қараушы» мобильді қосымшасы болды.

«Мобильді қараушы» – бұл ТҚ, өлшеу қондырғылары мен өндіру ұңғымаларынан параметрлерді жинауды және беруді автоматтандыру үшін әзірленген Android қосымшасы.

Оның негізгі функциялары: нысандарды жылдам анықтау үшін NFC белгілерін сканерлеу; GPS арқылы координаттарды автоматты түрде анықтау; фоторепортаждар мен түсініктемелерді қосу; сервистік сұраныстарды жіберу және есептерді жасау; деректерді талдау және бақылау үшін веб-интерфейс және т.б.

Жобаның негізгі мақсаты – еңбек шығындарын азайтуға, деректердің дәлдігін арттыруға және қосымшаларды өңдеуді жылдамдатуға мүмкіндік беретін жабдықты бақылау және қызмет көрсетудің тиімді, автоматтандырылған процесін құру.

Бүгінгі таңда жоба Жетібай кен орнында тәжірибелік-өндірістік сынақтан өткізу сатысында. Тәжірибелік-өндірістік сынақтар барысында №2-МГӨЦ операторлары мен ауысым инженерлері оқытылды, ТҚ-1 нысандарында 58 NFC белгілері



орнатылды: ұңғымаларда 54, ұңғыма сағасында үш, негізгі қондырғыда бір.

Мамандар жобаны жүзеге асыру деректерді жинау уақытын 180 минуттан 30 минутқа дейін қысқартады, қателер санын азайтады, ақпаратты тасымалдау мен оған қол жеткізу жылдамдығын арттырады деп күтуде.

– Осы сәтті пайдалана отырып, жан-жақты көмек көрсетіп, қолдау білдірген «Жетібаймұнайгаз» ӨБ басшылығы мен қызметкерлеріне, №2-МГӨЦ бастығына, Автоматтандыру, ақпараттық технологиялар және байланыс департаментінің басшылығына үлкен алғысымды білдіремін, – дейді Еркебұлан Нұрманов.

– Сондай-ақ, барлық әріптестеріме, жобаға сеніп, қолдау көрсеткендердің барлығына шын жүректен алғыс айтамын – біз бұл нәтижеге, бірлескен күш-жігердің арқасында қол жеткіздік. «Алып» бағдарламасын айтпай кетуге болмайды, соның арқасында идеяларды әзірлеуге және оларды нақты өндіріс жағдайында жүзеге асыруға мүмкіндік туды.

Жоба пилоттық сынақтан сәтті өткен жағдайда, ол «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның басқа кен орындарында да іске асырылуы мүмкін деп ойлаймын, бұл цифрлық деректерді жинаудың бірыңғай стандартын құруға, жабдықтың тоқтап тұруын қысқартуға және ауытқуларға әрекет етуді тездетуге, еңбек өнімділігін арттыруға және т.б. өзінің оң әсерін тигізетініне сенімдімін.

МҮНАЙЛЫ ӨЛКЕ

Ақтауда «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ компаниялар тобының жұмыскерлері арасында жыл сайынғы Спартакиада өз мәресіне жетті. Жұмысшы мамандықтар жылына орайластырылған спорттық іс-шара 20-24 шілде аралығында өтті. Жарысқа ҚМГ-ның 30 еншілес және тәуелді ұйымдарынан 700-ден астам адам қатысты. Олар футбол, волейбол, баскетбол, үстел теннисі, садақ ату, шахмат, жүзу, тоғызқұмалақ, арқан тарту, армрестлинг және асық ату сияқты спорт түрлерінен бақ сынасты.

Спартакиада қорытындысы бойынша «Маңғыстау-мұнайгаз» АҚ командасы Асық атудан (Асылбек Әділбаев – ҚМГ ӨБ, Артур Қарасаев – ҚМГ ӨБ, Майра Оразмағамбетова – ЖМГ ӨБ) жарыстарда күміс медаль жеңіп алды. Сонымен қатар, әріптестеріміз армрестлингтен: Сисенбек Нұрбаев, ҚМГ ӨБ (80+кг) және Дәурен Абабукиров, ЖМГ ӨБ (80 кг дейін) турнирінде қола медаль жеңіп алды.

Біздің жұмыскерлер командалық спорт түрлерінде де лайықты өнер көрсете білді: ерлердің де, әйелдердің де волейбол командалары топтық турнирде өте жақсы ойнады, бірақ екіншіке орай, плейоффта қарсыластарын жеңе алмады. Біздің футбол командасы да топтық кезеңнен сенімді өтті, бірақ ¼-финалда қарқынды күресте жеңіліп қалды.

6-шы тамыз күні дүбірлі додада жұлделі орын алған әріптестерімізді компания басшылығы ресми түрде құттықтап, оларға алғыс хаттар мен сертификаттар табыстады.

Біздер де жарыс жүлдегерлерін құттықтай отырып, Спартакиадаға қатысқан барлық әріптестерімізге алғысымызды білдіреміз және оларға болашақта да спорттық табыстарыңыз көп болсын деп тілейміз!

СПАРТАКИАДА – 2025

ДОДА ТҮЙІНІ



МҮНАЙЛЫ ӨЛКЕ



ҚазМұнайГаз
NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ



ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ
ЖЫЛЫ



МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

АДАЛ ЕҢБЕКТИҢ АБЫРОЙЫ АСҚАҚ

25 шілде күні Ақтау қаласындағы «Достық үйі» ғимаратында «Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында ұйымдастырылған «Абырой» премиясын табыстау рәсімі өтті. Бұл – қарапайым еңбек иелерінің кәсіби жетістігін елеп-ескеруге арналған ерекше шара.

«Respublica» партиясының Маңғыстау облыстық филиалы мен «Жарқыра» қоғамдық қоры ұйымдас-тырған марапат салтанатында 22 үздік жұмысшы маманның еңбегі бағаланды. Олардың қатарында «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ атынан 4 қызметкер лайық деп танылды.

Илияс Тұрғанбай Түркменбайұлы – №4 мұнай және газ өндіру цехының аға механигі. Техникалық білім мен жауапкершілікті үйлестіре білген тәжірибелі маман. Төрт баланың әкесі.

Нұрбосынов Айболат Қожахметұлы – Пайдаланудағы жабдықтарды жөндеу және прокаттау цехының 5-дәрежелі темір жонушысы. Қарапайым еңбек арқылы биік беделге ие болған үш баланың әкесі.

Өскінбаев Нұрсерік Бисенғалиұлы – 5-дәрежелі электргазбен дәнекерлеуші. Еңбек жолында табандылықпен танылып, өнегелі әке ретінде де ел құрметіне бөленген. Тоғыз баланың әкесі.

Актілеуов Гарифолла Еркемұлы – Пайдаланудағы жабдықтарды жөндеу және прокаттау цехының 5-дәрежелі электромонтері. Іскерлігімен де, білімге құштарлығымен де танылған бес баланың әкесі.

«Абырой» премиясы – адал еңбекті бағалау мен дәріптеудің нақты көрінісі. Мұндай марапаттар жұмысшы мәртебесін көтеріп, жас ұрпаққа үлгі болары сөзсіз.

«Маңғыстаумұнайгаз» ұжымы марапат иелерін шын жүректен құттықтап, еңбектеріне жеміс, отбасыларына амандық тілейді.



ҚЫЗЫЛ ҚҰМ - ТІРШІЛІК ТАМЫРЫ

Маңғыстау облысының табиғи-климаттық жағдайы күрделі екені белгілі. Мұнайлы өңірлердің басым бөлігі шөл және шөлейт аймақтарда орналасқан. Осындай аумақтарда халықты таза ауыз сумен қамтамасыз ету – стратегиялық маңызы бар міндеттердің бірі. Осы жауапкершілікті арқалап келе жатқан маңызды өндіріс нысандарының бірі – Қызыл құм кен орны.



Қызыл құм кен орны 1982 жылы пайдалануға берілген. Қазіргі таңда «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасы құрамында жұмыс істейді. Кен орнының негізгі қызметі – Солтүстік Бозашы өңірін ауыз сумен қамтамасыз ету. Бұл – аталған өңірдегі ауыз су өндіретін жалғыз кен орны екенін ескерсек, атқарып отырған жұмыстың маңыздылығы өзінен-өзі түсінікті.

Қазіргі уақытта Қызыл құмда 89 су ұңғысы бар, оның ішінде 20 ұңғы белсенді жұмыс істеп тұр. Кен орны тәулігіне 500 текше метрге дейін су өндіреді. Жерасты су қоры 600 текше метрге дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді. Суды тұтынушылар қатарында Тұщықұдық, Шебір, Қияқты ауылдары, сондай-ақ Қаражанбас және Қаламқас кен орындары бар.

Кен орнында 20 адам еңбек етеді. Олар тек техниканы емес, табиғаттың да тілін таба білген мамандар. Қыста құбырды қатырмай, жазда көшпелі құмнан ұңғыларды аршып, күн демей, түн демей жұмыс істеп жүр. Ұжымы – ұйымшыл, еңбегі – елеулі.

Айта кету керек, Қызыл құм – тек еңбек пен жауапкершілік орталығы емес. Бұл – жасыл желекке оранған мекен. Қара топыраққа жан бітіріп, шөлде сая болар ағаш отырғызып, құс ұясындай жайлы кеңістік қалыптастырған еңбек ұжымы бүгінгі күні экологиялық мәдениетті де биік қоятынын көрсетті. Биыл Дүниежүзілік экология күніне орай ұйымдастырылған апталықта кен орны «Жасыл кеңсе» номинациясын жеңіп алуы – соның айғағы.

Шөл даланың сабырымен, адам қолының шыдамымен қалыптасқан кенорында тек су емес, төзім өндіріледі. Әр тамшының артында – үлкен еңбек, әр ұңғының түбінде – елге деген жанашырлық жатыр. Көзге көрінбесе де, ел тіршілігін жалғап тұрған Қызыл құм – үнсіз еңбекпен елге қызмет етіп тұрған шын батыр!

«ЖЕР-2025» МҰНАЙШЫЛАР АЛАҢЫНДА ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙҒА ДАЙЫНДЫҚ ПЫСЫҚТАЛДЫ

Төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою бағытындағы іс-қимылдарды жетілдіру, сондай-ақ жойқын жер сілкінісі орын алған жағдайда азаматтық қорғау басқару органдарының, күштері мен құралдарының дайындығын арттыру мақсатында 2025 жылғы 23 шілдеде «Қаламқасмұнайгаз» және «Жетібай-мұнайгаз» өндірістік басқармалары аумағында «Жер-2025» республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығуы өткізілді.

Іс-шара Қаламқас кен орнында өндірісті басқару әкімшілігінде өндіріс және бөлім басшылары мен қызметкерлердің қатысуымен басталды. Ал Жетібайда, Мұнайшы ауылындағы басқарма алаңында, қызметкерлер арнайы жабдықтарын көрсетті. Мұнда «OSC» ЖШС, «ОСС» ЖШС, «МЭМ» ЖШС, «Мұнайтелеком» ЖШС, «Семсер-Өрт сөндіруші» ЖШС, «КөлікМұнайБасқармасы» ЖШС, «Neiron-Med» ЖШС сынды еншілес кәсіпорындардың жеке құрамы мен арнайы техникалары жұмылдырылды. Жаттығуға Қарақия ауданының күштері мен құрылымдары да бірлесе қатысты.

Оқу-жаттығу тақырыбы – жер сілкінісінің салдарынан туындаған төтенше жағдайларды жоюға бағытталған мемлекеттік басқару органдары мен азаматтық қорғау жүйесінің күштері мен құралдарының дайындық деңгейін тексеру.

Маңғыстау облысының азаматтық қорғау аумақтық кіші жүйесінің жұмыс режимін жойқын жер сілкінісі қаупі төнген және туындаған жағдайда жоғары дайындық деңгейіне көшіру мәселелері пысықталды. Сонымен бірге, қабылданатын шаралардың тиімділігі мен үйлесімділігін арттыру, орталық және жергілікті

атқарушы органдардың өзара іс-қимылын жетілдіру басты назарға алынды.

Жаттығу барысында:

- құлақтандыру және байланыс жүйесінің дайындығы;
- барлық деңгейлердегі жедел кезекшілік қызметінің ұйымдастырылуы;
- мониторинг пен диспетчерлік қызметтің жұмысы;
- материалдық-техникалық, азық-түлік және медициналық резервтердің қорлары тексерілді.

Сондай-ақ төтенше жағдайларды жою жоспарлары мен эвакуациялық іс-шаралардың толықтығы мен орындалуы нақтыланды. Жер сілкінісі салдарын жою кезінде инфрақұрылымның, соның ішінде көлік қатынасын қалпына келтірудің дайындығы бағаланды. Далалық жылжымалы госпитальдарды орналастыру, зардап шеккендерге шұғыл көмек көрсету тәртібі, өзге өңірлерден құтқару қызметтерін тарту және мемлекеттік материалдық резервтен қажетті құндылықтарды жедел алу мәселелері де пысықталды.

Сонымен бірге, халыққа түсіндіру жұмыстарын жүргізу және қауіп төнген жағдайда дұрыс іс-қимылға үйрету бағытында шаралар қарастырылды.

Бұл оқу-жаттығу мұнайлы өңірдің азаматтық қорғау жүйесінің дайындығын сынап қана қоймай, төтенше жағдай туындаған сәтте әр құрылымның үйлесімді әрекет ету қабілетін арттырды.

Азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар тобы

ҚАУІПСІЗДІК – БАСТЫ НАЗАРДА

2025 жылғы 23 шілдеде «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасына қарасты МАЖӨЦ-да жоспарлы оқу дабылы өткізілді. Оқу-жаттығудың тақырыбы – БУУН-2 мұнай, газ құбырларынан сұйықтықтың ағып кетуі, сондай-ақ тығындау арматураларының фланецті қосылымдары арқылы сұйықтықтың өту жағдайындағы әрекеттерін пысықтау.

Іс-шара барысында цех қызметкерлері үйлесімділік пен жедел шешім қабылдау қабілеттерін көрсетті. Олар төтенше жағдай кезінде өздеріне жүктелген міндеттерді дұрыс орындап, әрекет ету алгоритмін нақты меңгергенін дәлелдеді.

Авариялық жағдайға ден қою кезінде «РЦШ ПВАСС» ЖШС МФ «АқБерен» авариялық-құтқару қызметінің кәсіби және шапшаң жұмысы жоғары бағаланды. Сонымен қатар, «Нейрон Мед» шұғыл медициналық көмек қызметі мен «Семсер-Өрт сөндіруші» өртке қарсы қызметі де өз міндеттерін жоғары деңгейде орындады.



Оқу-жаттығу барысын өнеркәсіптік қауіпсіздік басқармасының бөлім бастығы Б.Көшербаев қадағалады. Оның айтуынша, мұндай шаралар жұмысшылардың нақты төтенше жағдайлар кезінде дұрыс әрі қауіпсіз шешім қабылдау дағдысын жетілдіреді. Апатты анықтаудан бастап, оны оқшаулау мен алғашқы әрекеттерді іске асыру кезеңдері толық пысықталып, оқу дабылы өз мақсатына толық жетті.



Ерқосай Басжан - «Oil Construction Company» ЖШС-да ұзақ жылдар бойы адал еңбегімен ерекшеленіп келе жатқан тәжірибелі маманның бірі. Ол Ақтау қаласындағы №1 Арнайы кәсіптік-техникалық училищені 1984–1987 жылдар аралығында тәмамдаған. Қолына диплом алған жас маман сол жылы Құбырлар мен құбыр бұрғыларын жөндеу цехының өндірістік қызмет көрсету базасында дәнекерлеуші ретінде еңбек жолын бастайды. 1987–1989 жылдары Отан алдындағы борышын өтеп, келген соң мамандығы бойынша жұмысын қайта жалғастырады.

2002 жылы Ерқосай Қалдыбайұлы Маңғыстау мұнара құрастыру учаскесіне электр газбен

КӘСІБІНЕ АДАЛ ДӘНЕКЕРЛЕУШІ

дәнекерлеуші болып қабылданады. Мекеме атауы ауысқанымен кейіпкеріміздің жұмысы ауыспайды. Бүгінде Қаламқас құрылыс құрастыру қызметінде еңбек етіп келе жатқанына жиырма жылдан асты. Осы уақыт ішінде ол өзінің еңбекқорлығымен, жұмысқа деген жауапкершілігімен және кәсібіне шынайы сүйіспеншілігімен көзге түсті.

— Басқа кәсіпті игеруді ешқашан ойлаған емеспін. Осы жұмысты жасағаным ризамын. Қиындықтан қашпаймын. Бастысы, өзіме жүктелген міндетті адал әрі тиянақты атқаруға тырысамын. Осы кәсібімнің арқасында адал нанымды тауып, отбасымды асырап отырмын, — дейді ол.

Дәнекерлеуші болу — үлкен жауапкершілік. Бұл мамандық тек техникалық білімді ғана емес, дәлдік пен төзімділікті, физикалық шыдамдылықты талап етеді. Жұмыс үнемі қолайлы жерде бола бермейді. Сағаттап қара жерде жатып, тар қуыс пен бұрышта жұмыс жүргізу — дәнекерлеушілер үшін үйреншікті жағдай. Осындай ауыр еңбектің бел ортасында жүрсе де, Ерқосай Қалдыбайұлы мамандығын шексіз құрметтейді.

Әріптестерінің айтуынша, ол — қарапайым, еңбекқор, өз ісінің шебері. Ұжымда сый-құрметке ие. «Қаламқас» кен орнындағы мұнай және жоғары қысымды қабат су құбырларын құрастыру, дәнекерлеу сынды аса күрделі жұмыстарда еңбегі зор.

— 1-2-категориялы құбырларды дәнекерлеу жоғары жауапкершілікті талап етеді. Бұл бағытта Ерқосай Қалдыбайұлының тәжірибесі мен ұқыптылығы көпке үлгі. Ол берілген тапсырманы дер кезінде, сапалы атқарып, компанияның жұмыс жоспарын орындауға үлес қосып келеді. Оның Қаламқас кен орнындағы жүргізіліп жатқан күрделі құрылыс және жөндеу нысандарында қолтаңбасы бар. Ол өзінің кәсібилігін дәлелдеп компанияда өткен "Үздік маман"



байқауының жүлдегері де атанды, — дейді Қаламқас құрылыс құрастыру қызметінің жетекшісі Досым Қойсариев.

Кәсібіне адал Ерқосай Басжан сияқты азаматтар жас мамандарға үлгі болары сөзсіз.

Индира СӨТЕНБАЙ
«Oil Construction Company» ЖШС

ИНСУЛЬТ: ШҰҒЫЛ БЕЛГІЛЕРІ

Инсульт – бұл кенеттен болатын өмірді өзгертетін жағдай, ол жедел әрекет пен жанашыр күтімді талап етеді. Оның ескерту белгілерін, қауіп факторларын және қалпына келу жолдарын түсіну – өмірді сақтап қалуға және нәтижені жақсартуға көмектеседі.

Инсульт дегеніміз не?

Инсульт – мидың қанмен қамтамасыз етілуі тоқтағанда пайда болатын жағдай.

▪ Ишемиялық инсульт (~87% жағдай): артерияны бітеп тастаған тромб себеп болады.

▪ Геморрагиялық инсульт - қан тамырының жарылуы салдарынан миға немесе оның айналасына қан құйылады.

Инсультті тану: негізгі белгілері

Тез әрекет етіңіз — әрбір секунд маңызды!

- Бет қисайып кетуі
- Қолдың әлсіздігі
- Сөйлеудің бұзылуы
- Жедел жәрдем шақыру уақыты

Басқа кенеттен пайда болатын белгілеріне - дене жартысының ұюы немесе әлсіздігі жатады

Инсульттің негізгі қауіп факторлары:

- * Жоғары қан қысымы
- * Жоғары холестерин
- * Шылым шегу
- * Семіздік
- * Қант диабеті
- * Жүрек ырғағының бұзылуы

Алдын алу бойынша кеңестер:

- Қан қысымын, холестерин мен қант диабетін бақылауда ұстаңыз
- Дұрыс тамақтаныңыз
- Тұрақты дене қимылымен айналысыңыз
- Шылым шегуден бас тартыңыз
- 7–9 сағат ұйықтаңыз
- Стресті басқаруға үйреніңіз
- B6, B12, фолий қышқылы, D дәрумендері мен омега-3 қабылдаңыз

Емдеу түрлері

▪ Ишемиялық инсульт: тромбты ерітетін дәрілер (tPA) немесе тромбты механикалық жолмен алу.

▪ Геморрагиялық инсульт: қан кетуді тоқтату немесе қан тамырларын қалпына келтіру үшін ота жасау.

Қалпына келтіру және қолдау

Инсульттен кейінгі қалпына келу — бұл марафон, спринт емес. Одан кейін мынадай қиындықтарға тап болуы мүмкін:

- Физикалық бұзылыстар (мысалы, салдану)
- Сөйлеу және танымдық қиындықтар
- Эмоционалдық мәселелер

Қолдау желілері, оңалту бағдарламалары және күтушілерге арналған ресурстар — адамның денсаулығын қалпына келтіруде өте маңызды.

Сіз білесіз бе?

- Жыл сайын әлемде 15 миллион адам инсультке шалдығады.

- Әлемде әр 40 секунд сайын бір адам инсульт алады.

Қорытынды: Уақыт = Ми
Белгілерді ерте танып, жедел әрекет етіңіз және алдын алу жолдарын біліп жүріңіз!

Ақпарат көздері (дереккөздер):

1. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДҰ) мидың қан айналымы бұзылыстары бойынша ұсынымдары.
2. Ғаламдық статистика: Дүниежүзілік инсульт ұйымы (2023 жылғы инсульттің таралуы мен өлім-жітімі туралы есеп).

3. FAST протоколы: АҚШ инсульт қауымдастығының халықты хабардар ету бойынша ұсынымдары.

4. Емдеу әдістері: tPA және эндоваскулярлық процедуралардың тиімділігі туралы ғылыми мақалалар (PubMed Central).


5. Қауіп факторлары: АҚШ Ұлттық неврологиялық бұзылыстар және инсульт институтының (NINDS) ұсынымдары.

Ескерту: Бұл мәліметтер денсаулық сақтау жөніндегі халықаралық есептер мен медициналық әдебиеттерден жинақталған. Жеке кеңес алу үшін міндетті түрде дәрігермен кеңесіңіз.

Нұргүл Конысбай
«Neiron-Med» ЖШС филиалының
невропатолог дәрігері

ЧТО ТАКОЕ ИНСУЛЬТ

И КАК ЕГО ИЗБЕЖАТЬ



Инсульт - это острое нарушение мозгового кровообращения, которое приводит к повреждению и отмиранию клеток головного мозга. В результате нарушаются или полностью выпадают функции, за которые отвечал конкретный участок мозга.

НЕСКОЛЬКО ПРОСТЫХ ПРАВИЛ, ЧТОБЫ НЕ ДОПУСТИТЬ МОЗГОВУЮ КАТАСТРОФУ:

- 1 Контролируйте свое артериальное давление, норма - ниже 140/90 мм рт. ст. !
- 2 Контролируйте сахар в крови. Нижняя граница нормы составляет 3,3 ммоль/л, а верхняя - 5,5 ммоль/л.
- 3 Откажитесь от курения и употребления алкогольных напитков.
- 4 Ограничьте употребление соли до 5 г в день (чайная ложка без горки).
- 5 Нормализуйте свой вес.
- 6 Избегайте стрессов.
- 7 Спите не менее 7-8 часов в день.
- 8 Будьте физически активными (минимум 30 минут ходьбы в умеренном темпе ежедневно).
- 9 Регулярно проходите профилактический медицинский осмотр и диспансеризацию.

Будьте здоровы!

МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ



ЖАС
МАМАНДАР КЕҢЕСІ
«МАҢҒЫСТАУМҰНАЙГАЗ» АҚ

10 жыл

КӘСІБИ ДАМУ – ТӘЖІРИБЕ АЛМАСУДАН БАСТАЛАДЫ!

2025 жылғы 25 шілде күні «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының Жас мамандары «Қазақтеңізкөлікфлоты» ұлттық теңіз кеме қатынасы компаниясы» ЖШС кәсіби тәжірибе алмасуға бағытталған іссапармен барды.

Іс-шараның мақсаты – жас қызметкерлердің кәсіби біліктілігін арттыру, өндірістік процестермен танысу, сондай-ақ теңіз тасымалы және логистика саласындағы үздік тәжірибелермен бөлісу арқылы іскерлік байланысты кеңейту.

Сапар барысында қатысушыларға компанияның негізгі қызмет бағыттары таныстырылып, флот жұмысы, кемелерді басқару жүйесі, қауіпсіздік талаптары және заманауи технологиялық шешімдер бойынша жан-жақты ақпарат берілді. Сонымен қатар, жастар өздерін қызықтырған сұрақтарына жауап алды.

– Жас мамандардың кәсіби өсіп-жетілуіне бағытталған мұндай тәжірибе алмасу шаралары өте маңызды. Бұл – өндірістен тыс ортада да кәсіби ой-өрісті кеңейтуге, жаңа сала өкілдерімен байланыс орнатуға таптырмас мүмкіндік. Алдағы уақытта біз де «Қазақтеңізкөлікфлоты» компаниясының жас мамандарын «Маңғыстаумұнайгаз» өндірістік алаңдарында қарсы алып, осындай өзара тәжірибе алмасу шараларын жалғастырамыз, – деп атап өтті Жас мамандар кеңесінің төрағасы Ержан Есполов.



Кәсіби ынтымақтастықты нығайту – қазіргі заманғы еңбек нарығында табысты болудың маңызды шарты. Осы бағыттағы бастамалар жас мамандардың жаңа білім мен тәжірибе алуына жол ашып, олардың салаға деген қызығушылығын арттыра түспек.

КІТАП – АЛТЫН ҚАЗЫНА



Қаламқас кітап клубының бесінші отырысы ерекше әсерлі әрі мазмұнды өтті. Бұл жолы клуб мүшелері қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі Бердібек Соқпақбаевтың «Өлгендер қайтып келмейді» атты повесін талқылады. Шығармада жазушының балалық шағы, тағдыр тауқыметі мен соғыс жылдарындағы ауыр ахуал көркем тілмен бейнеленіп, оқырманды терең ойға жетелейді.

Талқылау дәстүрлі форматтан өзгеше, ойын түрінде ұйымдастырылып, қатысушылардың қызығушылығын арттырды. Клуб мүшелері өз ойларын ашық айтып, кейіпкерлердің іс-әрекетіне түрлі тұрғыдан баға берді.

Отырыстың негізгі мақсаты – оқырманға ұлттық әдебиетті тереңірек таныстыру, тарихи сана мен адамгершілік құндылықтарды насихаттау болды. Қатысушылар кейіпкерлердің тағдырына үңіліп, өз өмірімен байланыстырды. Әсіресе, шығарманың шынайылығы мен жазушының бала көзімен баяндау шеберлігі үлкен әсер қалдырды.

Кездесу соңында ең белсенді қатысушыларға сыйлықтар табысталды. Алдағы уақытта да клуб мүшелері қазақ әдебиетінің көрнекті туындыларын бірлесе талдап, рухани баюды мақсат етеді.

АШЫҚ АСПАН АСТЫНДАҒЫ КИНО КЕШ

«Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасының футбол алаңында алғаш рет ашық аспан астында кино көрсетілімі ұйымдастырылды.

Игі бастамаға ұйытқы болған – басқармадағы жас мамандар.

Табиғаттың тынысымен үндескен жылы атмосфера, еркін көңіл күй кештің әсерін еселей түсті. Мұндай сәттер – еңбек күнінің арасында жанға жайлы тыныс, шынайы демалыс.



Қарапайым форматтағы мұндай шара – ұжымдағы рухани байланысты нығайтып, ортақ құндылықты қалыптастыруға негіз болары сөзсіз.

Құрметті «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қызметкерлері мен мердігерлік және қосалқы мердігерлік ұйымдардың жұмысшылары!

Біз Сіздерді Басқарманың кен орындарына жеке автокөлікпен келуге тыйым салу туралы бұйрығын сақтауға, сондай-ақ (СТ-30-17) «МАҢҒЫСТАУМҰНАЙГАЗ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНДАҒЫ МЕРДІГЕРЛІК ЖӘНЕ ҚОСАЛҚЫ МЕРДІГЕРЛІК ҰЙЫМДАРДЫ БАСҚАРУ СТАНДАРТЫНЫҢ талаптарын орындауға шақырамыз.

Осы Стандарт бұзылған жағдайда мердігерлік және қосалқы мердігерлік ұйымдарға айыппұл санкциялары қолданылуы мүмкін.

Сіздердің денсаулығыңыз бен қауіпсіздігіңіз аса маңызды.

Естеріңізде болсын: сіздерді үйде жақындарыңыз бен туыстарыңыз күтіп отырады.

Жұмыскерлердің жұмыс орнына дейінгі және кері қарай қауіпсіз жеткізілуін қамтамасыз ету үшін сіздерден Жұмыс беруші ұсынатын вахталық автобустарды пайдалануды сұраймыз.

Осы ұсыныстарды орындау жазатайым оқиғалардың алдын алады және сіздердің қауіпсіздігіңізді қамтамасыз етеді.

Корпоративтік қауіпсіздік қызметі

Уважаемые работники АО «Мангистаумунайгаз» и работники подрядных и субподрядных организаций!

Мы настоятельно призываем вас соблюдать Приказ Правления о запрете приезда на месторождения на личном автотранспорте, а также следовать требованиям СТАНДАРТА УПРАВЛЕНИЯ ПОДРЯДНЫМИ И СУБПОДРЯДНЫМИ ОРГАНИЗАЦИЯМИ В АКЦИОНЕРНОМ ОБЩЕСТВЕ «МАНГИСТАУМУНАЙГАЗ» (СТ-30-17).

В случае нарушения данного Стандарта к подрядным и субподрядным организациям могут быть применены штрафные санкции.

Ваше здоровье и безопасность имеют первостепенное значение.

Помните: дома вас ждут родные и близкие.

Для обеспечения безопасной доставки работников к месту работы и обратно, настоятельно просим вас использовать вахтовые автобусы, предоставляемые Работодателем.

Соблюдение данных рекомендаций позволит предотвратить несчастные случаи и обеспечит вашу безопасность.

Служба корпоративной безопасности



МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ
Меншік иесі - «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ
Редактор: Есназар Сұлтанов
Редакция алқасы: - С. Галидуллин
- Л. Жолдыбаева
Дизайнер-беттеуші: Е. Айтбаев

Мекен-жайымыз:
130000, Ақтау қаласы
6 ш.а., № 1 үй,
тел:
212-035, 211-861
211-885, 212-194
Газет айына 1 рет
шығады.
Тегін таратылады

Газет ҚР
Мәдениет және
ақпарат
министрлігінде
есепке
қойылып,
№ 9675 - Г
күелігі берілген

➤ Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді
➤ Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды
➤ Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды

Газет АҚ-ның жұртшылықпен байланыс тобының компьютерінде теріліп, беттелді.
Индексі: 64265

«Атис» ЖШС баспаханасында басылды.
Ақтау қаласы,
«Дукат» ТҮ, 17 ш.а.,
1 үй, 3 кеңсе
тел: 8(7292)525 500